

## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

### Қазақстанның қай өңірлерінің тұрғындары зейнетақы жинақтарын тұрғын үй жағдайларын жақсартуға белсенді пайдалануда?

2021 жылдың 8 ақпанындағы жағдай бойынша уәкілетті операторлардан Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына нысаналы пайдалану үшін мерзімінен бұрын төлемдерді жүзеге асыруға шамамен **90 689 салымшының өтініші** келіп түсті.

**50 350 өтініш** орындалды және салымшылар уәкілетті операторларда ашылған өздерінің арнайы шоттарына шамамен **276 млрд теңге** мөлшерінде біржолғы зейнетақы төлемдерін (БЗТ) алды. Төлемдердің орташа сомасы **5,5 млн теңге**.

**73,7 млрд теңгеге жуық 14 мыңнан астам өтініш** төлемдерді жүзеге асыру үшін өңделуде. Заңнама талаптарына сәйкес келмеуіне байланысты **26,3 мыңға жуық өтінім** қабылданбады.

Республика бойынша өтініштердің ең көп саны - **19 209 өтініш** (немесе 21,18%) Алматы қаласында қабылданды. Оның **11,3 мыңға жуығы** орындалды. Уәкілетті оператор болып табылатын банктердегі салымшылардың арнайы шоттарына шамамен **69,6 млрд теңге** аударылды. Төлемдердің орташа сомасы **6,18 млн теңгені** құрады. 14,7 млрд теңгеге тағы 2579 өтініш өңделуде.

Нұр-Сұлтан қаласының тұрғындарынан **15 371 өтініш** (шамамен 17%) қабылданды. **8 698 салымшы** арнайы шоттарына **45,3 млрд теңгеден** астам қаражат алды. Төлемдердің орташа сомасы **5,2 млн теңге**. Өңдеуде 10,5 млрд теңге сомаға 2 156 өтініш бар.

Маңғыстау облысында БЗТ алуға **12 757 өтініш** қабылданды (14%). **7062 өтініш** орындалды – **61 млрд теңгеден астам** қаражат салымшыларға тұрғын үй жағдайын жақсартуға аударылды. Облыстағы төлемдердің орташа сомасы **8,65 млрд теңгені** құрады. Жалпы сомасы 21,5 млрд теңге болатын тағы 2519 өтініш орындалуын күтуде.

Тұтастай алғанда, Қазақстанның өңірлері бойынша БЖЗК-дан тұрғын үй жағдайларын жақсартуға қаражат алу төмендегідей сипатқа ие:

| Өңірлер                          | Қабылданған өтініштердің саны |       | Қабылдау дан және (немесе) орындау дан бас тартылғандар | Өңдеудегі өтініштер саны |        | Орындалғандар  |               |                      |
|----------------------------------|-------------------------------|-------|---|--------------------------|--------|----------------|---------------|----------------------|
|                                  | бірл.                         | %     |   | бірл.                    | бірл.  | сомасы, млн тг | бірл.         | Жалпы сомасы, млн тг |
| Алматы қ. филиал                 | 19 209                        | 21,18 | 5 360   | 2 579                    | 14 754 | <b>11 270</b>  | <b>69 595</b> | <b>6,18</b>          |
| Нұр-Сұлтан қ. филиал             | 15 371                        | 16,95 | 4 517   | 2 156                    | 10 467 | <b>8 698</b>   | <b>45 364</b> | <b>5,22</b>          |
| Маңғыстау облыстық филиалы       | 12 757                        | 14,07 | 3 176   | 2 519                    | 21 458 | <b>7 062</b>   | <b>61 103</b> | <b>8,65</b>          |
| Атырау облыстық филиалы          | 6 443                         | 7,10  | 1 832   | 1 010                    | 6 672  | <b>3 601</b>   | <b>24 534</b> | <b>6,81</b>          |
| Ақтөбе облыстық филиалы          | 5 746                         | 6,34  | 1 905   | 901                      | 3 136  | <b>2 940</b>   | <b>11 242</b> | <b>3,82</b>          |
| Қарағанды облыстық филиалы       | 5 142                         | 5,67  | 1 533   | 806                      | 2 647  | <b>2 803</b>   | <b>10 121</b> | <b>3,61</b>          |
| Батыс Қазақстан облыстық филиалы | 3 770                         | 4,16  | 1 103   | 545                      | 3 326  | <b>2 122</b>   | <b>13 297</b> | <b>6,27</b>          |

|                                      |               |            |               |               |               |               |                |             |
|--------------------------------------|---------------|------------|---------------|---------------|---------------|---------------|----------------|-------------|
| Павлодар облыстық филиалы            | 3 622         | 3,99       | 1 003         | 583           | 1 483         | <b>2 036</b>  | <b>6 273</b>   | <b>3,08</b> |
| Шығыс Қазақстан облыстық филиалы     | 3 340         | 3,68       | 1 023         | 487           | 1 411         | <b>1 830</b>  | <b>5 489</b>   | <b>3,00</b> |
| Жезқазған қ. өңірлік филиал          | 1 703         | 1,88       | 482           | 327           | 1 551         | <b>894</b>    | <b>4 465</b>   | <b>4,99</b> |
| Қызылорда облыстық филиалы           | 1 854         | 2,04       | 566           | 305           | 1 185         | <b>983</b>    | <b>4 393</b>   | <b>4,47</b> |
| Шымкент қ. филиал                    | 2 056         | 2,27       | 689           | 333           | 1 376         | <b>1 034</b>  | <b>4 364</b>   | <b>4,22</b> |
| Алматы облыстық филиалы              | 1 793         | 1,98       | 613           | 271           | 980           | <b>909</b>    | <b>3 200</b>   | <b>3,52</b> |
| Қостанай облыстық филиалы            | 2 014         | 2,22       | 596           | 312           | 838           | <b>1 106</b>  | <b>3 168</b>   | <b>2,86</b> |
| Жамбыл облыстық филиалы              | 1 445         | 1,59       | 515           | 216           | 640           | <b>714</b>    | <b>2 865</b>   | <b>4,01</b> |
| Ақмола облыстық филиалы              | 1 856         | 2,05       | 587           | 292           | 743           | <b>977</b>    | <b>2 832</b>   | <b>2,90</b> |
| Семей қ. өңірлік филиал              | 1 266         | 1,40       | 391           | 195           | 502           | <b>680</b>    | <b>1 895</b>   | <b>2,79</b> |
| Солтүстік Қазақстан облыстық филиалы | 1 187         | 1,31       | 331           | 199           | 502           | <b>657</b>    | <b>1 639</b>   | <b>2,49</b> |
| Түркістан облыстық филиалы           | 75            | 0,08       | 34            | 7             | 18            | <b>34</b>     | <b>150</b>     | <b>4,41</b> |
| Анықталмаған                         | 40            | 0,04       | 40            | -             | -             | -             | -              |             |
| <b>ЖИЫНТЫҒЫ</b>                      | <b>90 689</b> | <b>100</b> | <b>26 296</b> | <b>14 043</b> | <b>73 688</b> | <b>50 350</b> | <b>275 991</b> | <b>5,48</b> |

БЖЗК 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗК» АҚ негізінде құрылды. БЖЗК құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗК зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Қазақстан Республикасының Президенті басшылық ететін Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗК міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асырады, салымшыға (алушыға) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді (толығырақ [www.enpf.kz](http://www.enpf.kz) сайтында).